

GPA-ны есептеу әдістемесі

GPA (Grade Point Average) – таңдалған бағдарлама бойынша белгілі бір кезеңдегі білім алушының оқу жетістіктері деңгейінің орташа өлшемді бағасы (осы оқу кезеңіндегі осы жұмыс түрлері бойынша кредиттердің жалпы санына оқу жұмысының барлық түрлері бойынша қорытынды баға балдарының сандық эквивалентіндегі кредиттер сомасының қатынасы).

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Сандық эквивалент	Бал бойынша бағалау	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

GPA-ны қалай есептеуге болады

1. Кредиттермен және бағалармен қоса пәндер тізімін аламыз
2. Әрбір пән үшін кредиттер санын (осы нақты пән бойынша) алынған бағаның сандық баламасына (эквивалентіне) көбейтеміз
3. Алынған мәндерді қорытындылаймыз
4. Бұл соманы есептеуге қатысқан барлық пәндердің кредиттер сомасына бөлеміз

Мысал

2 семестр кезеңінде келесі пәндер үшін GPA есептеп көреміз

Семестр	Пән	Кредиттер	Балдар
1	Манаштану	5	91
1	Шет тілі	4	86
1	Академиялық жазу негіздері	3	77
1	Орыс тілі	4	92
2	Шет тілі	3	65
2	Көшбасшылық және инновацияларды басқару	6	78
2	Қазақстанның қазіргі тарихы	5	96

1. Кредиттер көбейтіндісін сандық эквивалентке есептейміз

Семестр	Пән	Кредиттер	Балдар	СЭ	Кр*СЭ
1	Манаштану	5	91	3,67	18,35
1	Шет тілі	4	86	3,33	13,32
1	Академиялық жазу негіздері	3	77	2,67	8,01
1	Орыс тілі	4	92	3,67	14,68
2	Шет тілі	3	65	2,0	6
2	Көшбасшылық және инновацияларды басқару	6	78	2,67	16,02
2	Қазақстанның қазіргі тарихы	5	96	4,0	20

2. Сандық эквиваленттегі кредиттер көбейтіндісін қорытындылаймыз

$$18,35 + 13,32 + 8,01 + 14,68 + 6 + 16,02 + 20 = \mathbf{96,38}$$

3. Кредиттердің жалпы санын қорытындылаймыз

$$5 + 4 + 3 + 4 + 3 + 6 + 5 = \mathbf{30}$$

4. Көбейтінділер сомасын кредиттердің жалпы санына бөлеміз

$$96,38 / 30 = \mathbf{3,212667}$$

5. Нәтижені үтірден кейін бір санға дейін дөңгелектейміз

$$3,212667 \approx \mathbf{3,2}$$